

М.М. Тәшімова

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: monshak76@mail.ru

ORCID: 0000-0003-0414-1292

ҚУЫРШАҚ ТЕАТР ФЕСТИВАЛІ: ДӘСТҮР МЕН ЗАМАНАУИ ҮДЕРІСТЕР (VI «ОРТЕКЕ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЛАР ФЕСТИВАЛІ МЫСАЛЫНДА)

Аңдатпа. Мақалада еліміздің мәдени өмірінде үлкен маңызы бар шара, Алматыда 2023 жылдың 21-29 сәуір аралығында өткен «Ортеке» VI Халықаралық қуыршақ театрлары фестивалінің шығармалық келбеті, өткізу барысындағы жетістіктер мен мәселелер жан-жақты қарастырылып, театртанушылық көзқарас білдіріледі. Фестивальге қатысқан Маңғыстау облыстық қуыршақ театры Ғ.Мүсіреповтің «Қозы көрпеш – Баян сұлу» 7+), Шымкент қалалық қуыршақ және жасөспірімдер театры К.Исаев, М.Малдыбасванның «Саяхатшы тасбақа» 6+, Ақмола облыстық орыс драма театрының жанынан ашылған «Kinder Theater» труппасы Ғ.Х.Андерсеннің «Шақпақты қыз» («Девочка со спичками» 7+), Ақтөбенің «Алақай» қуыршақ театры Ш.Айтматовтың «Ақ кеме» 12+, Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры Абай шығармаларының негізіндегі сахналық жүйе (сахн. жүйе жасаған Е.Локшина) «Мен бір жұмбақ адаммын. Абай» 16+, Грузияның И.Гогобашвили атындағы Құтай мемлекеттік кәсіби қуыршақ театры Ғ.Х.Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек» («Гадкий утенок») қойылымдарына талдау жасалады. Қуыршақ өнерінде театр фестивальдерінің алатын орны ерекше. Қуыршақ театрының даму үрдісіне қарай бұл өнердің түрлі мерекелерін өткізу сонау кәсіби даму жылдарымен астасып жатыр. Олай дейтініміз Қуыршақ театрлары фестивальдерінің маңыздылығы, театр ұжымдарының шығармалық өсуі, дамуы, түрлі театрлардың бір-бірімен етене араласу арқылы тәжірибе алмасуымен ұштасады. Театр ұжымдарының кәсіби дамуына, актерлер шеберлігінің шыңдалуына, қуыршақ театрлары режиссурасының түрлі трактовоклар жасауына, қуыршақ жасау шеберлігінің артуына алып келетін маңызды шара болмақ. Елімізде өткізілген халықаралық Қуыршақ театрларының фестивальдері әлемдегі театрларда болып жатқан түрлі жаңалықтар мен ізденістерді паш етті. Соның арқасында отандық қуыршақ театрларында шығармалық тың реформа пайда болып, бұрын соңды қуыршақ театрлары тек кіші жастағы балаларға арналған деген қасаң пікір жойылды. Жасөспірім, ересек балалар мен үлкендерге арналған спектакльдер сахналау шығармашылыққа жол тартты. Мақала авторы аталған фестивальге қатысқан отандық және шет елдік спектакльдерді талдап, режиссерлік трактовокларды салыстыра сараптайды.

Алғыс: Мақала BR21882298 «Қазақстан әдебиеттануы мен өнертануы әлемдік гума-нитарлық білімнің тұжырымдамалық эволюциясы аясында» (2023-2025) атты нысаналы жобасы бойынша дайындалды.

Кілт сөздер: Қуыршақ театры, драматург, спектакль, фестиваль, суретші.

М.М. Ташимова

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

E-mail: monshak76@mail.ru

ORCID: 0000-0003-0414-1292

Фестиваль кукольного театра: традиции и современные процессы (на примере VI международного фестиваля кукольных театров «Ортеке»)

Аннотация. В статье с позиций театроведения представлено разностороннее изучение творческого облика, раскрытие творческих достижений и проблемных вопросов проведения VI Международного

фестиваля кукольных театров «Ортеке», состоявшегося в г. Алматы с 21 по 29 апреля 2023 года. В работе проведен аналитический разбор постановок театров, принявших участие в данном мероприятии. Среди них – Мангистауский областной театр кукол с постановкой «Козы Корпеш – Баян Сулу» Г. Мусрепова, (7+), Шымкентский городской театр кукол и юношества со спектаклем «Путешественница черепаха» К. Исаева и М.Малдыбаевой (6+), труппа «Kinder Theater» при Акмолинском областном русском драматическом театре – «Девочка со спичками» Г. Х. Андерсена (7+), Актюбинский театр кукол «Алакай» – «Белый пороход» Ш. Айтматова (12+), Алматинский государственный театр кукол – сценическая система на основе произведений Абая (инсценировка. Е. Локшина) «Я один загадочный человек. Абай» (16+), Кутаисский государственный профессиональный театр кукол им. И. Гогешвили (Грузия) с постановкой «Гадкий утенок» Г. Х. Андерсена. Известно, что в кукольном искусстве особое место занимают театральные фестивали. В процессе развития театра кукол проведение различных праздников этого искусства переплетается с годами профессионального развития. Необходимость постоянного творческого роста, профессионального развития театральных коллективов, обмен опытом и взаимодействие театров друг с другом доказывают значимость фестивалей кукольных театров. Они являются важным мероприятием, способствующим оттачиванию профессионального мастерства как коллективов, так и актеров, кукловода, созданию различных трактовок режиссуры кукольных театров. Именно Международные фестивали кукольных театров, которые проходят в нашей стране, способствуют тому, что специалисты в этой области знакомятся и узнают о современных мировых тенденциях развития театрального искусства, узнают о поисках и нововведениях, происходящих в искусстве и культуре передовых стран мира. Благодаря этому в отечественных кукольных театрах зародились новые реформаторские решения, развенчивающие мнение о том, что кукольные театры предназначены только для младшего возраста. Открылись новые пути к творческому осмыслению в постановке спектаклей для подростков и взрослых детей способствовали. Таким образом, автор данной статьи в сравнительном аспекте проводит анализ, изучают режиссерские трактовки отечественных и зарубежных спектаклей, представленных на отмеченном выше фестивале.

Благодарности: Статья подготовлена по целевому проекту BR21882298 «Литературоведение и искусствоведение Казахстана в контексте концептуальной эволюции мирового гуманитарного знания» (2023-2025).

Ключевые слова: кукольный театр, драматург, спектакль, фестиваль, художник.

M.M. Tashimova

*M.O. Auevov Institute of Literature and Art,
Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: monshak76@mail.ru
ORCID: 0000-0003-0414-1292*

The festival of puppet theater: traditions and modern processes (on the example of the VI international festival of puppet theaters “Orteke”)

Abstract. The article will consider in detail the creative image, achievements and issues of the VI International Festival of Puppet Theaters “Orteke”, which was held in Almaty from April 21 to 29, 2023, and also expresses the views of the theater expert. The festival was attended by the Mangystau Regional Puppet Theater “Kozy Korpesh – Bayan Sulu” G. Musrepov 7+, Shymkent City Puppet and Youth Theater K. Isaev, “the traveler turtle” by M. Maldybayeva 6+, the Kinder Theater troupe at the Akmola Regional Russian Drama Theater by G. H. Andersen “Girl with matches “7+), Aktobe Puppet Theater “Alakai “Sh. Aitmatova” White Ship “ 12+, Almaty State Puppet Theater stage system based on the works of Abai (sakhn. the system was created by E. Lokshina) “I am one mysterious person. Abai “ 16+, Kutai State Professional Puppet Theater named after I. Gogebashvili in Georgia, an analysis of G. H. Andersen’s performances “The Ugly Duckling” (“The Ugly Duckling”) will be conducted. Theatrical festivals occupy a special place in the puppet art. During the development of the puppet theater, the holding of various festivals of this art is intertwined with years of professional development. We talk about the importance of puppet theater festivals, about creative growth, the

development of theater groups, and how different theaters share experiences by interacting with each other. An important event will be the professional development of theater groups, the improvement of the skill of actors, the creation of various interpretations of the direction of puppet theaters, and the improvement of the skill of the puppeteer. The international puppet theater festivals held in our country have shown various discoveries and searches taking place in theaters around the world. Thanks to this, a new creative reform has appeared in domestic puppet theaters, which dispelled the earlier opinion that puppet theaters are intended only for young children. Staging performances for teenagers, adult children and adults contributed to creativity. The authors of the article analyze the domestic and foreign performances that participated in this festival, compare the director's interpretations.

Acknowledgments: The article was prepared according to the target project BR21882298 «Literary studies and art history studies of Kazakhstan within conceptual evolution of world humanitarian education» (2023-2025).

Keywords: puppet theater, playwright, performance, puppet, festival, artist.

1. Кіріспе

Қазақ елінің мәдени өмірінде театр фестивальдерінің шығармалық орны бар. Сахна өнерінің маңына топтасқан кәсіби мамандар фестивальге жан-жақтан келіп өнер ұжымдарының шығармашылық ізденістерінің салмағын сараптайды. Осының негізінде әлемдік қуыршақ өнерінің бағыт-бағдары, жаңа режиссерлік ізденістер зерттеу нысанына алынып театртанушылық тұжырымдамалар жасалатыны ғылымдағы жаңа пікірлердің айтылуына әкеледі. Театр фестивальдерінің тарихы алыста жатқаны белгілі. Солай бола тұрса да оның шығармалық жолында тығырықтар мен өрлеу кезеңдерін бастан өткерді. «Первоначально самым значительным был фестиваль «Наурыз», проводившийся с 1989 года поочередно в каждой из столиц республик региона. В сложный период рубежа XX–XXI веков взаимодействие театральных культур приостановилось. В первое десятилетие XXI века международные контакты стали восстанавливаться, и в 2020-е годы фестивальная театральная деятельность активизировалась» (Қабдиева, 2024: 89) – деп театртанушы ғалым еліміздегі театр фестивалі мәдениетінің барысын саралайды. Сонымен бірге тәуелсіздік жылдары, әсіресе соңғы он жыл мерзімінде балаларға арналған спектакльдер қатыстырылатын Қуыршақ театрлары фестивальдерін өткізу мәдени жолға қойылды. Қуыршақ театрының анасы атанған режиссер Қ.Ешмұратованың: «Фестиваль – шын мәнісінде бүкіл осы қуыршақ театрына өмірін арнаған жандардың мерекесі. Фестиваль дегеніміз – бұл ең алдымен халықтар достығының көрінісі. Сондықтан біз бала кезінен адам бетінің түсіне қарамай, ақ бола ма, сары бола ма ол да өзі сияқты адам екенін түсіндіріп үйретуіміз керек, бір-бірімізді жақсы көруіміз керек. Міне, фестивальде біз осы туралы айтамыз, елді достыққа, бірлікке шақырамыз. Ал қуыршақпен жұмыс жасайтындар өле-өлгенше сол таңғажайыпқа сеніп кетеді, себебі олардың бойында балалық шақтағы эмоциялары сақталып қалған» (Ешмұратова, 2015) – деген пікірі қуыршақ театры актерлерінің нәзік сырға толы ерекшеліктерін айқындап тұр. Қызығы мен шыжығы қатар есіп тұратын қуыршақ өнерінің драмадан айырмашылығын маман дөп басып тұр. Бұл театр фестивальдерінің жас көрермендер үшін маңыздылығын дәлелдейді. «XXI ғасырда рухы биік мәдениетіміз бен білімі әлеуетімізді қалыптастыруда қуыршақ театрының маңызы зор» (Смайлова, 2014:231). Қуыршақ өнерінің жас

жеткіншектің рухани өмірімен байланысын дөп басады. Сондықтан да әлемнің театр мәдениетінде шығармалық орын алатыны сияқты елімізде өткізілетін театр мерекелерінің көркемдік құндылығы жоғары. Еліміздегі өткізілетін фестивальдерді зерттеген ғылыми жобаның мақсаттары айқын. «Театр фестивалінің тарихы, деңгейі, ұйымдастырушылық жұмыстары мен іс-шаралары, көрсетілген қойылымдар тегіс қамтылуы секілді кешенді зерттеудің теориялық және тәжірибелік нәтижесі құнды болмақ. Сондықтан да жаһандану заманында Қазақстан театрларының халықаралық іс-шараларға белсенді кірігуін, шет елмен мәдени шығармашылық байланыстардың орнатылуын, оларды талдап, сараптама жасау бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр» (Еркебай, 2017: 6). Олай болса елімізде өткізілетін отандық және шет елдік театр фестивальдеріне деген қызығушылық театртанушы ғалымдардың назарынан тыс қалмайды. Өйткені мұндай театр мерекелері заманауи театр үрдісінде болып жатқан жаңашылдықтар мен соны мүмкіндіктерді, сахна өнерінің бағыт-бағдарын айқындайтын мәдениет таразысына салатын шаралар бүгінгі уақыт талабы. Тек драма театрларының фестивальдері ғана емес түрлі жастағы балалардың рухани қажеттіліктерін қамтитын Қуыршақ театрлары фестивальдерінің маңыздылығы аса жоғары. Қуыршақ театрларын зерттеу жұмыстары біздің елімізде кенже болғанмен, көршілес орыс және шет елдік ғалымдар бұл өнерге әу бастан-ақ қызығып, көптеген зерттеу еңбектерін арнаған. Олар Шарль Маньенің *История марионеток в европе с древнейших времен до наших дней* (Манье, 2014:366), С.В.Образцовтың *Актер с куклой* (Образцов, 1938: 172), И.Н.Саломониктің *Традиционный театр кукол Востока. Основные виды театра объемных форм.* (Саломоник, 1992:312) т.б көлемді зерттемелері.

Қазақстанның Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Алматы қаласында 2023 жылдың 21-29 сәуір аралығында «Ортеке» VI Халықаралық қуыршақ театрларының фестивалі өткізілді. Аталған фестивальді ұйымдастырған Алматыдағы Республикалық мемлекеттік Кәріс театрының шығармашылық ұжымы. Әсіресе қуыршақ театрларының өзіндік ерекшеліктері болатындықтан бұл фестивальді Мемлекеттік қуыршақ театрымен бірігіп ұйымдастырғаны жөн болатын. «Елімізде жылына бірнеше театр фестивалі өткізіледі. Алайда көркемдік сапасы үнемі жақсы бола бермейді. Мәдениет және спорт министрлігі фестиваль өткізу ісін бір ізге түсірмеген. Шетелдерде мұндай фестивальдерді тікелей театр сыншылары ұйымдастырады, соған сәйкес қай ұжымның қандай бағдарламамен қатысатынын репертуарына қарап іріктейді» (Дәуіт, 2023) – деген өнертану докторы Б.Нұрпейістің пікірімен толықтай келісеміз. Ең бастысы әр Қуыршақ театры фестивалінің алға қойған мақсат-мүдделері айқын болғаны жөн. Сосынғысы соңғы он шақты жылда қазақ қуыршақ театрлары ересектерге арналған қойылымдар түзе бастағандықтан да, балалардың жас ерекшеліктеріне көңіл қойып, бәйгеге қатысатын ұжымдардың сахналық дүниелерін сараптама жасау жіті қадағалануы тиіс. Кіші жастағы балаларға арналған Қуыршақ театры қойылымдары бір сағатқа жуық жүретінін ескеріп күніне төрт-бес дүниемен репертуар түзіп алтын уақытты үнемдеу жағына мән берілмеген. Есесіне фестиваль тоғыз күнге созылғанын түсіну қиын. Одан басқа дұрыс сараптамадан өтпеген, көркемдік деңгейі сын көтермейтін спектакльдер

көрерменнің ығырын шығарғаны сөзсіз. Өресі мен көркемдігі төмен фестивальдерге мемлекеттің қаржысын шашпай, дайындық жұмыстарын жүргізуді нақтылай түссе.

«Ортеке» VI қуыршақ театрларының фестиваліне елімізден Астана қаласы әкімдігіне қарасты Қуыршақ театры А.Салаеваның «Менің салған суретім» («Это я нарисовал» балет, 5+), Маңғыстау облыстық қуыршақ театры Ғ.Мүсіреповтің «Қозы көрпеш – Баян сұлу» 7+), Шымкент қалалық қуыршақ және жасөспірімдер театры К.Исаев, М.Малдыбаеваның «Саяхатшы тасбақа» 6+, Ақмола облыстық орыс драма театрының жанынан ашылған «Kinder Theater» труппасы Г.Х.Андерсеннің «Шақпақты қыз» («Девочка со спичками» 7+), Ақтөбенің «Алақай» қуыршақ театры Ш.Айтматовтың «Ақ кеме» 12+, Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры Абай шығармаларының негізінде сахналық жүйе жасаған Е.Локшинаның «Мен бір жұмбақ адаммын. Абай» 16+, Алматының Тоталды театры Г.Х.Андерсеннің «Дюймовочка» 3+, Қырғызстанның Н.Шамурзаев атындағы Ош облыстық қуыршақ театры Г.Гаипбердиевтің «Чыпалақ бала», Өзбекстанның Ферғана облыстық қуыршақ театры С.Седухинның «Әуенді шәйхана» («Музыкальная чайхана» 7+), Грузияның И.Гогешвили атындағы Кутай мемлекеттік кәсіби қуыршақ театры Г.Х.Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек» («Гадкий утенок»), Кореялық FFWANG театры «Хонг Доджи және Исими» шығармаларымен қатысып бақ сынасты. Фестивальден тыс Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры «Аққулар-қаздар» («Гуси-Лебеди» 3+), У.Шекспирдың «Макбет. Иллюзия» 18+, Түркияның Tiyatros Tempo театры «Карагез» 7+, Алматының Тоталды театры Финна кітабынан «Мен бармын» («Я есть» 16+), Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы 4 курс студенттері Н.Фришердің «Кішкентай құтан мен қарақшы» спектакльдерін көрсетті.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Ғылыми мақалада баяндау, салыстырмалы талдау, драмалық шығарманың идеясына тұжырым жасау, мәтіннің мазмұнын ашу, жанр табиғатына сай баға беру, туындының қуыршақтармен жасалған сахналық нұсқасын салыстыру, режиссерлік трактовокларды саралау әдістерімен жұмыстар жүргізілді. Осы күнге дейін түрлі нұсқада сахналанып келе жатқан шығармалардың идеясына бүгінгі күнгі көзқарас, заманауилықпен түзілген тың үрдістер, қуыршақ бейнедегі жаңғырулар мен суретшінің бояуымен берілген ұтымды шешімдері кәсіби тұрғыдан зерттелді. Қуыршақты жүргізуші отандық және шет елдік актерлердің өз кейіпкерлеріне жан бітірудегі шеберліктері салыстырмалы зерделенді. Олардың қуыршаққа жан бітіруде тапқан метафоралық детальдарының поэтика мен риторикалық сырлары семиотикалық талдау арқылы берілді.

2.2 Материалға сипаттама

Зерттеу еңбекте 2023 жылы өткізілген «Ортеке» VI Халықаралық қуыршақ театрлары фестивалінің барысы жайында болғандықтан, қатысылған спектакльдердің шығармалық деңгейіне, көркемдік құндылықтарына басты назар аударылды. Фестивальге қатысқан спектакльдердің шығармалық процестері, актерлік шеберлік, режиссерлік ізденістер мен көркемдік шешімдерге басты назар аударылды. Еліміздің Маңғыстау облыстық қуыршақ театры Ғ.Мүсіреповтің «Қозы көрпеш – Баян сұлу»

7+), Шымкент қалалық қуыршақ және жасөспірімдер театры К.Исаев, М.Малдыбаева-ның «Саяхатшы тасбақа» 6+, Ақмола облыстық орыс драма театрының жанынан ашылған «Kinder Theater» труппасы Г.Х.Андерсеннің «Шақпақты қыз» («Девочка со спичками» 7+), Ақтөбенің «Алақай» қуыршақ театры Ш.Айтматовтың «Ақ кеме» 12+, Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры Абай шығармаларының негізіндегі сахналық жүйе (сахн. жүйе жасаған Е.Локшина) «Мен бір жұмбақ адаммын. Абай» 16+, Грузияның И.Гогешвили атындағы Кутай мемлекеттік кәсіби қуыршақ театры Г.Х.Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек» («Гадкий утенок») қойылымдарына кәсіби саралаудың негізгі өзегі ретінде алынып талдау жасалады. Аталған шығармашылық ұжымдардың ізденістері, шығарма идеясына, кейіпкерлердің мінезі мен болмысына, режиссерлер мен актерлер тарапынан берілген трактовкаларға маңыздылық берілді.

Қуыршақ өнерінің пайда болу кезеңі сонау ежелгі Рим мен Грекияның эллинизм дәуірімен сәйкес келетінін, түрлі құдайлармен тілдесуде пайдаланылған салттармен байланысатыны Геродот, Гораций, Ксенофонд, Аристотель, Марк Аврелия, Апулея еңбектерінде кездесетіні туралы мәліметтер кездеседі. Қуыршақ өнерінің эстрадалық бағыттағы үлгісі ежелгі Үнді, Қытай, Ираннан келген кезбе әртістердің өнері арқылы жеткені жөнінде дереккөздер бар. Шарль Маньеннің «История марионеток в европе с древнейших времен до наших дней», С.В.Образцовтың «Актер с куклой /Худож. А.Гончаров/», И.Н.Саломониктің «Традиционный театр кукол Востока. Основные виды театра объемных форм /Отв.ред. В.И.Брагинский/ деп аталатын зерттеулеріне мән бере сараланды. Елімізде өткізілетін қуыршақ театр фестивальдері жайында қалам тербеген театртанушылар Б.Нұрпейіс, С.Қабдиева, А.Мұқан, З.Исламбаева, А.Еркебай, М.Жақсылықовалардың пікірлері назарға алынды. Осы тұста «Фестивальное движение Казахстана – инновационный потенциал страны», «Құралай Ешмұратова атындағы «I Халықаралық «Құралай» қуыршақ театрлары фестивалі», «Әлемдік және қазақ опера фестивальдерінің қалыптасуы мен бүгінгі бағыт бағдары», «Ортеке III Халықаралық қуыршақ театрларының фестивалі», «Театр фестивалі өнер бәсекесі», «ТМД,Балтық және Грузия елдері жас театр қайраткерлерінің фестивалі» т.б зерттеу мақалаларына сүйендік.

3. Талқылануы

Сөзіміздің тізгінін «Ортеке VI» Халықаралық қуыршақ театрлары фестиваліне қатысқан спектакльдерге бұрамыз. Ақмола облыстық орыс драма театрының жанынан ашылған «Kinder Theater» труппасы шығармалық ізденістерге барып Көкшетаулық бүлдіршіндерді рухани дүниелермен сусындатып келеді. Г.Х.Андерсеннің «Шақпақты қыз» («Девочка со спичками» 7+) ертегісі әже мен немере қыз арасындағы махаббатты беретін дүние болғанмен көркемдікке қол жеткізе алмаған. Мұның себебі қуыршақшы маманның қолынан шыққан кейіпкерлердің шебер жасалмауында, режиссер ізденісінің төмендігінде жатқаны сөзсіз. Спектакль басталған кездегі шырша жаңа жыл уақытының атмосферасын бергенмен, шығарманың жалпы оқиғасымен байланысып кете алмады. Тіпті ұсқынсыз қуыршақтар кішкентай балалардың зәре құтын алардай тартымсыз. Әуаққа айналған Әже бейнесі сонау жетпісінші жылдардағы қуыршақты көз алдына алып келетіні өкінішті. Қимыл-қозғалысқа келтіруге мүмкіндігі аз қуыршақтарды

актерлердің шеберлікпен ұштастыра алмауы қойылымның көркемдік деңгейін түсіріп, театртанушы мамандардың сынына ұшырады.

Еліміздегі Шымкент қалалық қуыршақ және жасөспірімдер театры К.Исаев, М.Малдыбаеваның «Саяхатшы тасбақа» 6+ қойылымының өзіндік айтар ойы бар дүние. Саяхатшы тасбақаның прототиптері елімізге шет елден отанына келіп жатқан оралмандар екенін жазбай таныдық. Оқиға қызықты да көңілді. Қуыршақтар әдемі, қызылды жасылды ашық түстермен шешілгені, сахналық декорация, актерлердің шеберлікке құрылған ойындары көрерменге ұнады. Фестивальге ересек көрермендердің көп қатысатынын ескергеннен бе шымкенттіктерге тән кейбір қалжыңдар мен диялект сөздердің араласуы асқан көркемдік туғызбағанмен қойылым өзінің дйттеген мақсатына жеткен. Еліміздегі қуыршақшы шеберлер мен суретшілердің жетіспей жатқан мәселе осы спектакльдің қуыршақтарынан сезіліп қалғаны рас. Әсіресе сахнадағы ширма, заманауилықты қажет етіп тұр. Қуыршақтардың көлемдеріне мән берілмеу кейіпкерлердің табиғи пішіндерімен үйлеспей жатқан тұстары бар. Мәселен, Ата мен оның астына мінген есегі, есекке жегілген арба т.б қуыршақтардың пішіндері үйлесімсіз екенін суретшілер ескерсе жөн. Әрине көрерменге күлкі тудыру мақсатында суретшінің түрлі шешім шығаруға құқы бар екенін ескереміз. Солай бола тұрса да актерлер өздерінің жатық тілдерімен, ойнақы сөйлеу мәнерімен, қуыршақтарды ойнатудағы шабыттарымен кейбір олқылықтарды жойып жіберді. Титың-титың жүрісі өнбейтін Есек өте сүйкімді. Ауыздары ашылып асықпай тарбаң-тарбаң басатын Тасбақалар момындық пен қазақылықтың символындай әсер етеді. Шал бейнесі арқылы суретші қарапайым ауылдағы еңбекқор шаруаны кестелеген. Қарапайым өмірде сүйкімсіз де жағымсыз көрінетін аламан тышқандар дүниеқоңыз, арам адамдардың прототипіне айналыпты. Сылаң түлкі, сымбатты қораз, көлдің суында еркін сайраған құрбақалар қойылымға көңілділік алып келгенмен әлде де қуыршақ шеберлеріне ізденуді қажет етеді.

Келесі Ақтөбе облыстық «Алақай» қуыршақ театры Ш.Айтматовтың «Ақ кеме» (12+) шығармасын жасөспірімдер мен ересек көрермендерге арнап сахналауымен ерекшеленді. Тек елімізде емес шет елдерде талай рет жүлделі орындарды иемденіп жүрген айтулы театрдың бұл жолғы өнері көрерменнің көңілін жаулай алмағаны рас. Сахнаны трагедиялық бояу басып көрерменнің еңсесін мүлдем түсіріп жіберетін көңілсіздік жаулап алған. Тіпті ол Момын қарт пен сүйікті немересі шыққанда да сейілмей тұрып алады. Қырғызстанның Ыстық көл жағындағы таулы табиғаттың әсем көрінісін беруге тырысқан қойылым суретшісі Ә.Құрманалина таулардан да шығармадағы трагедиялық жағдайларды беруге тырысқандай. Жалпы сахнадағы декорация мен жалпы көріністерден, кейіпкер қуыршақтардан Ш.Айтматов шығармасындағы қайғы лебі немесе шығарманың нәтижесі трагедия болып көрініп, жалпы көркемдікке теріс әсер етіп тұр.

Актерлердің беттеріне киген маскалары да әрбір кейіпкердің ішінде болып жатқан трагедия мен жан-толқынысындағы астаң-кестең жағдайларды беріп тұрғаны түсінікті болғанмен тартымсыз. Орозқұл бейнесі шығармада өте қатал, қаныпезер адам образында көрінетіні түсінікті. Ата мен әже бейнелері сонау қиын шақта өмірдің теперішін көрген қарттардың әжім басқан жүздерін қылқалам бояуын қара

түстермен жағу арқылы берген суретші еңбегін құптадық. Орозқұлдың таяғын жеп, қатал күйеуінің тепкісінде жүргенмен Бекей жас келіншек екенін шығармашылық топ ескерулері керек. Ал ол қуыршақтар сахнада Әже мен келіншек екенін мүлдем ажырата алмайтындай жағдайда. Солай бола тұрғанмен Айтматов шығармасының айтар ойы, трагедиясы қуыршақ театрының сахнасын толықтырғанына қуандық. Мазмұны терең материал спектакльдің өн бойынан сезіліп, көрерменді ой құшағында отыруға алып келеді. Бұғы-ана бейнесі сырыққа орнатқан бұғының басы арқылы оңай шешілгенін місе тұтпадық. Ақ матаны бос жаба салу оңай болғанмен жетпісінші жылдардағы қуыршақтарды елестететінін, мұндай қуыршақтармен көрерменді қызықтыра алмайтынын қуыршақшы шеберлер ескеруі керек. Сол сияқты баланың сезім қылына ерекше әсер еткен Ақ кеме бейнесі несімен ерекшеленді? Бала атасы әперген сумканы желкілдеп қуана мектепке баратын сахнаны түрлендіруге не кедергі? Мектептің қуыршақ бейнесі қандай болуы керек еді? Мектеп табалдырығын енді ғана аттап отырған бүлдіршіннің көңіл-күйін қуыршақпен қалай береміз? – деген сұрақтар төңірегінде бас қатырмай қарапайым суретті алып шығып оңай да жеңіл жолды қалаған қуыршақшы шеберлерге айтар сынымыз бар. Алдағы уақытта айтылған ескертпелермен тағы да жұмыс істейді, шығармалық тың ізденістерге баратынына сенім мол.

Маңғыстау облыстық қуыршақ театры Ғ.Мүсіреповтің «Қозы көрпеш – Баян сұлу» (7+) трагедиясын режиссер Н.Насырова жасөспірімдерге лайықталған нұсқасын сахналаған (орыс тіліне аударған А.Дроздова). Осы ретте академик Р.Нұрғалиевтің: «Қазақ драматургиясының төркінін іздегенде, ең алдымен ұлттық әдебиет үлгілеріне ден қою қажет. Жанрдың жалпы заңдылықтарын драматургия сабақтарын Еуропа нұсқаларынан үйренген қаламгерлер, өмірлік материалдарды сұрыптап, шығарма мақсатына орай пайдалануға келгенде ана топырағындағы дәстүрлерді ілгері жалғады» (Нұрғалиев, 1991: 71.) – дегені тілге оралады. Қай елдің болмасын фольклорлық шығармалары сол елдің жаны болып қала береді. Солай болатыны заңды да. «While some theatres are trying to find new form and content copying or imitating the best productions of Western theatre, the other, on the contrary, are attempting to attract spectators staging plays and literary works and addressing problems that can be found in the old literary text that have not lost their topicality. In the last few years, the popularity of the apsana genre on stage has increased significantly. Mounting apsana productions, the directors make full use of Kazakh rituals, folklore elements and special theatre language, relying on the means of creating a stage show». (Boldekov Z., Zhak[yukova M., Khalykov K., Sabirova A., 2019:516). Заманауи қазақ театр режиссурасында болып жатқан түрлі трактовкалар осы пікірлерді айындай түседі. Өйткені ескіні жаңартып жаңа леп беру, түрлі өнер түрлерін шығармалық сабақтастықтар арқылы пайдалану шет ел және заманауи қазақ режиссурасына да тән құбылыстар болып отыр. Осы ретте режиссер сонау ерте уақытта болған, ел аузында аңыз боп жеткен оқиғаны еске алу әдісімен қойылым түзеді. Сондықтан қоюшы суретші Г.Қанафина режиссердің ойымен қуыршақтардың жалпы нобайын алып шымқай ақшыл түстермен шешкен. Оқиға күнгірт, алакөлеңке, бейне-бір бөтен әлемде, еске алу немесе түс көргендей өрбіп отырады. Шымқай қара түсті сахнада ағарандаған тіршілік лебі байқалады.

Жарықпен шағылысқан арқандар әрлі-берлі ойқастап біресе қиғаштанып, біресе түзу тартып жаяу аяқ жол болады. Мұңды музыка күшейіп, жарық ілбіп басып аяндап келе жатқан ақ жаулықты кейуанаға түседі. Сахнаның дәл ортасына орналасқан тастардың үйіндісінен тұрғызылған мазар маңына екі кейуана келіп мұңдарын шағады. Бұл әрине Қозы мен Баяндай ғашықтардың мазарына келген қос мұңлық, қос ана Мақпал (Б.Түстікбекова) мен Күнікей (А.Айтеманова) екенін жазбай танимыз. Шымқай қара киінген актерлер қараңғы сахнада айдың сәулесі түскендей аппақ боп көрінген кейіпкер қуыршақтардың жүрістері, сырт келбеттері жүдеу тартқан. Ортадағы мазар кейде қой тастардан, кейде адам сүйегінен құйылып соғылғандай әсер береді. Қойылым басталғаннан үзілмей келе жатқан мұңлы әуен трагедияның жалпы болмысын айшықтай түскен. Өрімдей жас балаларынан айырылған қос ана моланың тастарын мейірлене сипап, бастарын тасқа сүйеп, ішінде жатқан қыршын балаларын бір иіскегендей күрсіне сөйлейді. «Біз сендерге тағы келдік, егер айтылмай қалған әңгімеміз болса шер тарқатайық деп келдік. Беріп үлгере алмаған аналық махаббатымызды берейік деп келдік» – дейді мұңды дауыспен. Ал кеудесінде жаны барда ананың балаға берер махаббаты ешқашан таусылмайды. Мазардың тастары шашылғандай болып әуеде қалықтап, адам бейнесі қайта құралады. Бұны аналық махаббаттан қанаттана шарықтаған Қозы мен Баянның рухы деп пайымдадық.

Қарабай – Ержан Бигашев шапанын жамылған кейіпте күйбең қағып сөйлеп жүр. «Бәрінің көз сүзетіні Қарабайдың жылқысы» – деп басталатын Қарабайдың монологын Е.Бигашев мәніне бойлай, мың құбылта оқиды. Тоқсан үйір жылқының көп емес екенін, маңайын торлаған көре алмайтын іші тар адамдар деп білетін Қарабай өзінің сараңдығынан хабар береді. Өзінен-өзі еліріп, әрлі-берлі жүгіріп «Менің жылқыларым!» деп шұрқырап шапқылап өтіп жатқан жылқыларының кісінеген дауысына айызы қанып, төбесі көкке жеткендей болады. Солай бола тұрса да Қарабай жылқыларын сырт көзден қорып, қызғанудан қорқақ болуға айналған. Актер Қарабайды беруде тамағы қырылдаңқырап, әлсін-әлсін терең демалып, шаршап қалу арқылы, басын әбден торлап алған жаман ойымен өзін-өзі жеп бара жатқанын меңзейді. Қарабайдың ойынша жылқыларын аман сақтап қалуға көмек қолын созатын жалғыз адам Жантық (Бақтияр Қарымсақ). Жантық! Әй Жантық! – деп актер тамағын қырнап шығатын қатал дауысымен шақыра бастағанда эп сәтте «Қареке!» – деп жұмсақ сөйлеп жасандыда жағымпаз үнімен әлдилеген Жантық (Б.Қарымсақ) бейнесі қулығын ішіне бүккен сұмпайы бола қалады. Актердің кестелеуінде іші қулық пен зымияндыққа толған арамза, әккі болып шығыпты. Жантық Қарабайдың кім екенін жазбай таныған. Сондықтан ол Қарабайдың ішінде жатқан қызыл итті оятып алмайын деп ақырын қимылдап, еппен сөйлейді. Қарабайдың тұтанған өртін жылы-жұмсақ сөздерімен өшіреді. Қарабай бар сырын Жантыққа ғана ашады. Баяннан қалайда құтылу керектігін Жантыққа сеніп тапсырған. «Айтқаныңыз болсын Қареке!» – деп басын қайта-қайта иіп сужыланша ізін қалдырмай шығып бара жатқан Жантықтың (Б.Қарымсақ) дауысынан қулық пен сұмдық қабат сезіледі. Ал Қарабай өзіне қыз берген Аллаға налиды. Қызына үйленген адам жылқысына ортақтасады деп қиналады. Дүниеқоңыздық пен сараңдық Қарабайға Баянның сұлулығы мен балалық махаббатын көрсетер емес.

Қос ана Мақпал мен Күнікей: Кішкентай күндерінде Қозы мен Баян бірін-бірі көрмесе жылайтын еді. Бірін-бірі өлді деп алдадық... деп болған жайды әңгімелеп отыр. Қозы барлық сырды ойша шешіп, өздерінің айдалада жалғыз қалғанының сырын ұқты. «Баян» деп сыбырлайтын өзен мен таудан шығатын жаңғырықты музыка әуенімен дабыс арқылы берген режиссер қарапайым арқанның қимылдары арқылы шешіпті.

Жантық – Б.Қарымсақ кісі бойындай үлкейіп кеткен, арқасы бүкір. Режиссердің шешімінде Жантық тек жан дүниесі ғана таяз емес, сырт келбеті де физикалық мүгедек жан. Осындай түріне қарамай ол Баяндай сұлудан дәмелі. Жантық келесі бүлігіне дайындалып жатыр. Сен маған мақсатыма жетуге көмектесесің деп өзімен-өзі әуре. Ол ойша бейне құрастырды, бұл – Қодар. Осы сәтте Жантық сиқырлы күштің иесіндей әсер қалдыратыны оның ойындағы сұмдығын меңзейді. Қодар – Е.Бигашев Баянға ғашық жан, сондықтан махаббаты үшін күреседі. Қодардың қуыршақ бейнесі нағыз ер, дүлей күштің иесі, ойын ашық жеткізетін қайтпас қайсар болып шығыпты. Оған актер мен қуыршақшы шеберлер үлкен шығармалық үлес қосқан. «Егер ол мені таңдамаса, мен Баянды таңдаймын» деп жұлқынып қаттылық таныта сөйлейді. Қос бұрымды, қазақтың қос етек көйлегі мен бешпетін киген Баян өзін Қодар алдында барынша еркін ұстайды. Жүрегінде басқаға орын жоқ екенін, Қозыны сүйетінін ашық білдірген. Керісінше Қозы бейнесі батыр кейіптен ада, намыс қуған, дене құрылысы шымырлықтан гөрі балғын жас жігіт болып шығыпты. Қодар Қарабайдың малын шауып айдап алып кеткенде Қарабай (Е.Бигашев) жер бауырлап жатып, «Ұлым болса малдың соңынан баратын еді» деп қос қолымен жерді тоқпақтап өкінеді. «Әке мен барамын жылқының артынан» – деген Баянның (Ж.Күзембаева) дауысын естігенде қатігез әке басын жұлып алып, үміт сәулесімен қызына қарап тас жүрегі жібігендей бола қалады.

Қойылым Қозы (Б.Қарымсақ) мен Баян (Ж.Күзембаева) алғаш кездесетін махаббат сахнасымен жалғасады. Олар бірін-бірі жазбай танып сезімге берілетін, ұрланған жылқының соңынан кетіп бара жатқан қыздың қолындағы жауапкершілігін жас батыр мойнына алып, барлық малды қайтарып айдап келетін Қозының ерлік істері оның Қодардан мықты екенін дәлелдейді. Солай бола тұрса да Қарабай сөзінен тайқып, Қозыға берген уәдесін бұзып көшіп кететіні Қарабайда адамшылықтың жоқ екенін, ақша мен дүние үшін небір сұмдықтарға бара алатынын меңзейді. Режиссердің шешімінше сараң Қарабайдың бар байлығын білдіретін белгі үстіне жамылған бағалы шапанынан көрінеді. Есепсіз жылқысының бір жапырағын жеуге қимаған Қарабайдың бай деген атын дәлелдейтін жалғыз дүниесі шапаны дегенге тоқталады режиссер.

Қарабай ақылды тек Жантықтан сұрайды. Жантық образы зорайып келіп қолындағы арқанмен Қарабайды матай бастаған. Екеуінің ойлары мен келісімдері жалғанған арқан арқылы беріледі. Жантық Қарабайды арқан арқылы жұлмалай жөнеледі. Ол Қодар мен Қозыны қырқыстырудың жолдарын көрсетіп, Қарабайды құрығына түсіреді. Қодар мырза деген жұмсақ үніне тағы еніп Қозыға айдап салып сұмырай қылықтарымен шырмайды. Маңайындағылардың бәрін бір-біріне айдап салып, қырқыстырып, өзі судан таза болғысы келетін Жантық сужұқпас қу да пасықтығымен

көрінеді. Екі актер Е.Бигашев пен Б.Қарымсақтың мың құбылған сөзсаптаулары мен ойын шеберліктері Қарабай, Жантық, Қодар, Қозы бейнелеріне дөп түсіп әр образдың мінез ерекшеліктерін аша білген ізденістерін шығармашылық табысқа баладық. Әсіресе, Қодар мен Қозының текетірескен жекепе-жек сахналары тамаша берілген. Ер шекісіп барып бекіскен достасу сахнасынан кейін Жантық Қодарды мұқатып, достық ниетін әлсіздікке балап от жаға сөйлейді. Ақылсыз Қодарды уәдесінен бездіріп қолын қанға малитыны, Жантықтың былғанған ішкі дүниесінің жемісі болатын. Қодардың өз күнәсін түсініп Жантықты өлім құштыратын сахнасы ерекше. Әуеден айналып келіп қадалған қару Жантық үшін оңай өлім. Жылқыдан басқаны көрмейтін Қарабайдың еліріп, жылқыларын бір атап, Жантықтың есімін бір атап адасатыны, оның психологиялық ауытқып кеткенінен хабар береді. Әділдік орнады. Жақсылыққа ор қазған Жамандық атаулысы сазайларын тартатын қойылым оқиғасы Ғашықтар мазары мен аспанда қалықтаған бүркіттің ұшуымен нүктесін қойыпты. Орта және жоғары сынып оқушыларына арналып қойылған қазақтың классикалық махаббат дастаны жастарды махаббатта берік болуға, адалдық пен ізгілікке шақыратынымен құнды екенін спектакль дәлелдепті. Мұнда ата-ананы сыйлау, жан-дүниені кірлетпей таза ұстау сияқты адам бойындағы рухани құндылықтар сөз болады.

Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры Абай шығармаларының негізінде (сахналық жүйе жасаған Е.Локшина) «Мен бір жұмбақ адаммын. Абай» (16+) спектаклінің фантазмагория жанрында қойылуы жаңалық болды. Абай тақырыбын қолға алған жас режиссер Антон Зайцев (Сур. Ю.Чернова, хореог. Г.Дәулетқұлова) ғұлама ақынның қара сөздерін саралап философиялық ойларын тың режиссерлік трактовкамен қорытады. Спектакльді тамашалап отырған көрермен өзінше ойға шомып, сахнада болып жатқан әрекет пен сөзді топшылап, бойға сіңіреді. «Қоғамшыл, ұстаз ақын Абай өз айналасындағы қараңғылық, құнсыздықпен алысуда көп күніреніп, көп шерленіп, қажып келген болатын» (Әуезов, 2007: 21). Дәл осындай Абайды спектакльдің өне бойынан және қуыршақ бейнеден айнытпай танып отырасыз. Режиссер Абай заманындағы адамдардың типтерін бүгінгі күнгі кейіпкерлермен салыстыра қарастырады. Режиссер, суретші, хореограф, сахналық жүйе авторы, актерлермен бірлесіп мол шығармашылық ізденістерге барған. Актерлық топ А.Жақыпбаев, Э.Сүлейменова, Б.Каюов, Т.Тілеулиева, Э.Қумарова, Г.Бейсенбаева, М.Камалов, А.Байырбекова, А.Сақтағанова, Ш.Құлназаров, Р.Абу, А.Нұрәділ, Ғ.Амангелдіұлылар қойылымның өне бойында тамаша өнер көрсетті. Театр актерлері жас режиссердің шешімдерін дұрыс түсініп актерлік шеберліктің тың үлгісін көрсеткеніне көңіл марқайғаны рас. Суретші жасаған ерекше маскалар мен костюм үлгілерінде хореографтың түзген пластикалық қимылдарын мұнтаздай орындаған актерлер тобы сахнада би қимылдарымен ою ойғанына разы-қошымызды білдіре қол соқтық. Театр актерлері өздерінің сан түрлі эксперименттерде шыңдалып, шынайы өнер көрсете алатындарын тағыда дәлелдеді.

Сахнада орналасқан үш тағанды қара қазан тіршіліктің символы, адамзаттың күнкөрісін айқындап тұр. Қазанның үстіне шеберлікпен орналастырылған көріністен қазақтың сары даласын, үйілген құм немесе кең даланы елестетеміз. Кенет осы құмның арасынан тіршілік пайда болады. Алдымен қуыршақтың қолы, басы, ақырын

денесі көрінеді. Бұл көріністің өзі адам баласы топырақтан пайда болды, түбі топыраққа айналамыз деген философияның астарымен шығарылған көрініс болатын. Осы тіршілік иесі қазақ даласына келген ғұлама Абайдың кейпіне ене береді. Қазақ баласы бай мен кедейге жіктеліп, рухани тығырыққа тірелгенде Жаратқанның сыйы ретінде келген Абай қарапайым халықтың жоғын жоқтаушы, жанған шырақтай жол көрсеткен тірегіне айналып еді. Ол маңайында болып жатқан әділетсіздік пен дөрекілікке, басбұзарлардың содырлығына өзінің уытты өлеңдерімен пәрменді соққы болып тиіскен болатын. Керісінше маңайына жиналған өрімдей жастарға махаббат пен ғадауатты, діл мен дінді, ақыл мен парасат-пайымды ойларын жеткізіп жастарды өнер мен білімге шақырды. Ақынның осы тұрғыда жазылған өлеңдері күні бүгінге дейін жанға азық болып отырғаны рас. Осы ойлардың жемісі ретінде режиссер құстың қанатын жазу құралы ретінде алыпты. Ол ең алғаш рет Абайдың маңына ұшып келген құс қанаты-қаламсап, ақыры тұрақтап ақынның серігіне, жазатын құралына айналған. Абай өзінің ғұламалықпен жазған ойларының бәрін осы қылқалам арқылы жеткізді деген терең мағыналық режиссерлік трактовка жатқанын аңғарамыз. Спектакль өз ретінде символика мен метафораға, терең философияға құрылғандықтан көпшілік көрермен өз ойымен арпалысып, әркім өз бетінше оқып ой сабақтайды.

Сахнада ерекше көзге түсетін маскалы қарақарғалар немесе адам, жалпы тіршілік атаулысының образдық бейнесі үнемі көлбедеп көз алдында жүреді. Хореограф бұл кейіпкерлер арқылы күнделікті күйбең тіршіліктің көрінісін пластикалық би қимылдары арқылы береді. Адамның дүниеге келгеннен бастап таң атқаннан кеш батқанға дейінгі өмірі көз алдыңызда өтеді. Таңды атырып, кешті мақсатсыз батыратын, тамақ ішіп ұйықтап жүргендер де адамдар деген ой салады. Бірақ Абай мұндайлардың толық адам емес екенін өзінің терең философиялық өлеңдерінде әжуәлай суреттейді. Ұшқан құс, жүгірген аң, жәндікте, мал да тіршілік ететінін салыстырмалы түрде қарастырады режиссер. Осындай тіршілік иелері мақұлықтардың арасындағы адамның ерекшелігі мен адами құндылықтар қандай болады деген сұрақтың төңірегіндегі Абай философиясын анық аңғарамыз.

Қазақтың өмірі мен тіршілігі атпен байланысты болғандықтан режиссер ақ боз атты шаптырып жиі-жиі сахнаға шығаратыны әр оқиғаның өзгергенін білдіретін. Ал, осы кейіпкерлердің соңғы сахналардың бірінде бір-бірден тасты көтеріп жүретіні әр адамда ауыртпалықтар бар екенін білдіретін болса, кейін ол тастар ескерткішке айналатыны Абайға жасалған тағзымдай әсер етеді. Спектакльдің ерекшелігі хореографиямен ұштастырылған қимыл-қозғалысқа құрылған әрбір көрініс көрерменнің түсінік түйсігіне қарай түрлі ой түюге жетелейтіндігінде болып отыр.

Қойылым барысында көрерменге ерекше әсер ететін той сахнасы бар. Ол тойшыл қазақтың дарақылық, ысырапшылық жаман қасиетін көз алдыға алып келеді. Панданып, қымбат киімге малынып алған кейіпкерлер бірін-бірі менсінбей қырын қарап отыр. Бастарына ораған дағарадай бас киімдері адамдардың басындағы толып жатқан ойлар мен мәселелерді аңғартатыны керемет ойластырылыпты. Тіпті ол бас киімдер ірбір пенденің тәкаппарлығының көлемін аңдап тұрғандай. Немесе өзі тойға келіп отырып маңындағыларды сынап-мінейтін адамдардың өзіміз де пендешіл

қасиетін сынайды режиссер. Суретшінің киім үлгілері де режиссер ойын толықтап, мінез бен құлықтарды аңғартуда өз үлесін мол қосып тұр.

Өз кейіпкерінің бейнесіндегі актерлердің жүріс тұрысынан-ақ олардың тоғышарлық ауыруымен ауырған тіршілік иелері екенін қатты сынға ала отырып мінейді. Комедия мен гротеск атой сала еріксіз күлдіреді. Көрермен бұл күлкінің өз намысын жанып жатқанын байқамай қалғанына куә болдық. Абай заманында да сондай кейіпкерлер болды және бүгінгі күні де сондай адамдар арамызда толып жүр дегенді білдіретін ойды анық оқимыз. Қонақтардың бәрі асықпай бірінен соң бірі келіп жиналған соң, эмоциядан жұрдай қалыңдық ортаға шығып күйеу жігіттің қасына жайғасып қатып отырады. Әрине, күйеу жігіт бейнесі қуыршақпен бейнеленген. Ол қалыңдығына жәутендеп қараудан аса алмай үнсіз отыр. Бүгінгі қуыршақ бейнеге айналған ер азаматтардың құнының түскенін тағы да мойындайсыз. Күйеудің қалыңдықты икемге келтіріп аймаламақ болған әрекетінен түк те шықпайды. Қалыңдықты актриса Арайлым Байырбекова өте суық, бойының жылуы жоқ етіп кестелейді. Ұлан асыр той болып жатқанына титтей де қуанбайтын, жүзінен қуаныштың емес салқынқандылықтың табы есіп тұрған мейірімсіз етіп суреттелген қалыңдық бейнесі актрисаның шебер ойынында құпияға тұнып тұр... Қонақтар қалыңдық пен күйеуге аса мән бермей мол дастархан басында ішіп жегеннен кейін паңданған күйі орындарынан тұрып-тұрып өз жөндерімен тарқасады. Дәл бүгінгі күнгі мәні мен мағынасы жоқ саны мен сапасын ешкім де бағамдамайтын тойлардың кейіпкерлері. Осы көріністердің бәрінде режиссердің үйлену тойларына деген жеке көзқарасын да ұққандай боламыз. Соңында қалған қалыңдық Арайлым алманы қаршылдата шайнап үнсіз қалады. Мұндай шашылудан жас отбасына түк те пайда жоқ деген көңіл толмаушылықты және басында ақ жаулығын жұлып алған қалыңдықтың «ары жатшы» дейтін бір ғана ауыз сөз айтатындығы көп түйткілді мәселені қозғайды. Бұл көріністе астарлы әңгіме көп болғандықтан көрермен өз бетінше ой түйіп оқып отырады. «Мұнда терең философия да, жалпыадамзатқа ортақ ұлттық құндылықтарды қадірлеуге жасалған қадам да бар. Жанға жылы тиетін эзіл де, махаббат пен нәзіктік те осы спектакльден көрініс тапқан» (Аханбайқызы:2019), – деген пікірмен талдауымызды түйіндейміз.

Қойылымда сөз өте аз, керісінше қуыршақтар да кейіпкерлер де қым-қиғаш әрекет үстінде болады. Бұл өмір мен тіршілік үнемі қозғалыс пен әрекеттен тұратынын тағы да еске салып өтеді. Режиссер Ибраһим Құнанбайұлының қара сөздерінің мәні мен маңызын алып түрлі көріністер арқылы беруге тарысқанмен нақты бүтін шығарманың негізіне топтастырылмағандықтан ой мен таным шашыраңқылықтарының болғанын ескертеміз. Үзік-үзік картиналардың бір ойға құрылып, бір-бірімен жалғасып бір бүтінге айналса деген ойымыз бар. Ал жалпы алғанда Мемлекеттік қуыршақ театрының соңғы кездегі ересектерге арналған қойылымдарды қоюдағы тың ізденістері атап айтуға тұрарлық еңбек. Нақты драмалық шығармаға айналдырылмағанмен режиссердің варианты арқылы жасалған жұмыс көркем дүние деңгейіне жеткендіктен әлі де болса жүйеленсе бұл қойылымның мәні мен мағынасы тереңдей түсеріне сеніміміз мол. Әрі түрлі жастағы қарапайым көрерменнің түсінуі мен қабылдауына қолғабыс болары сөзсіз.

Грузиядан шақырылған И.Гогешвили атындағы Құтай мемлекеттік кәсіби қуыршақ театры Г.Х.Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек» («Гадкий утенок») шығармасымен бақ сынады. Режиссер танымал ертегіні ересек көрермендерге арнап сахналапты. Негізінен жалғыздық тақырыбын бүгінгі күннің трагедиясы ретінде айтып, өзін қоршаған ортада арқасын кеңге салып еркін өмір сүре алмаған ұсқынсыз үйрек өсе келе өзін қолға алып, дүниедегі құс біткеннің сұлуы екенін сезінгенше көптеген қиындықтардан өтетінін режиссер қарапайым детальдармен-ақ көркемдей білген. Үйректер отбасында дүниеге келген балапан басқа үйректерден өзгеше. Маңайындағылардың шетке тепкені, кекеткені мен мұқатқаны оның кішкентай жүрегіне ауыр тиеді. Балапандар жұмыртқаны жарып шыққаннан бастап басқалардан өзгеше ұсқынсыз, ірі боп тұрғанына ыңғайсыздана еңсесі түсетін аққудың балапаны түкті де түсінбей іштей қиналып жүр.

Режиссер мен суретші қуыршақтарды тамаша ойластырыпты. Олар күнделікті тұрмыста пайдаланып жүрген ыдыс-аяқтардан тамаша қуыршақтар жасап шыққан. Мұндай әдіс сонау кеңес уағында шыққанмен бүгінгі уақытта осы бір шығарманың кейіпкерлерін түзуге дөп келіп тұрғанын режиссер қатесіз аңғарған. Үйрек ата мен ана өзіне тән қылықтарын беруде шәйнек, аяқтарына пайдаланған қасық, ожау т.б нәрселерді өзара құрастырып шеберлікпен қуыршақтар жасап шыққанына қуанасыз. Кішкентай балапандар да жылтыр болат материалдардан жасалған біркелкі ыдыстармен жасалыпты. Олар өте сүйкімді де тартымды. Көрермен актерлердің ертегі кейіпкерлерінің қимыл-қозғалыстарын беруде жасаған шеберліктеріне, әр кейіпкерге тән сөз саптауларына разылықпен қол соқты. Актерлер үстеріне ақ-қара классикалық түсте қарапайым костюмдер киіп, шаш үлгілерін жасап, қуыршақтардың алдыңғы планда өнер көрсетуіне бар жағдайды жасаған. Тығырыққа тірелген кішкентай балапан өз ортасына сыя алмай өмірден баз кешіп, ешкімге тілқатпастан үйден кетіп, айдалада жалғыз өзі өмір сүретін сахналар, жалғыз қалғандағы үрей мен қорқу барлығы да оқиғаның атмосферасын, драманың өрбуі мен шарықтау шегін беруде шынайы қызмет етіп өзара септесіп тұр.

Жылдың төрт мезгілін беруде режиссер трактовкасында асқан ерекшелік байқалмайды. Ортада жатқан үлкен жерде әр мезгілге тән түстес жамылғыларды пайдаланып орап алып тастап, аққу балапанның мұз айдында сырғанап үйренетін сахнада жылтыраған айнаны пайдаланып, кішкентай аққу қуыршақтың аяғына коньки киіп, алдымен тәлтіректен жүріп, бірте-бірте сырғанауды үйренген балапанның еңсесі көтеріліп қуана бастайды. Айдында зырылдап жүрген балапан бір сәтке алып аққудың өзіне айналады. Осы ретте балапанның біртіндеп өсу процесін беруде бірнеше қуыршақты пайдаланса жөн болар еді деген ойға қалдық. Дегенмен, Үлкен де сұлу табиғи жүні үлпілдеген құс төресі Аққу боп шыға келгенде көрерменге сыйлайтын ләззатты айтып жеткізу қиын. Ал режиссер осы уақытқа дейінгі сахнаға шыққан қуыршақтарды ыдыс аяқтан жасаған соң, үлкен алып аққуды сомдағанда сол бастапқы технологиямен жасап шығу қажет еді деген ой қылаң бергені рас. Алайда аталған театрдың «Ұсқынсыз үйрек» қойылымы кәсіби мамандардың көңілінен шықты. Кішкентай балаларға арналған Андерсеннің танымал ертегісін режиссер ересектерге арнай отырып ойландырады.

4. Зерттеу нәтижесі

Қуыршақ театр фестивалі ең бастысы Өнер додасы. Мұндай бәйгеге тек жүйріктердің ғана шабуға қақысы бар екенін ескерсек, драма театрларының жанынан құрылған труппалардың жеткіншектер мен жас балаларға арнап қойған спектакльдері немесе құрылғанына аз уақыт болған жеке театрлардың спектакльдерінің шығармалық немесе кәсіби деңгейіне аса мән берілуі керектігі мәлім. Олай болатын себебі мұндай театрлардың қаржылай немесе т.б мүмкіндіктері аз. Көбінесе кәсіби мамандарды жұмысқа тартуға шамалары келмей жататыны жасырын емес. Осындай олқылықтардың орнын толтыру үшін еліміздегі жеке театрлар мен облыстық драма театрларының жандарынан ашылып жұмыс істеп жатқан ұжымдарды кәсіби мамандармен толықтай қамтамасыз етіп, заңдастыруымыз керек. Өйткені, әсіресе облыс орталықтарында, райондарда Қуыршақ театрлары мен Балалар мен жасөспірімдер театрлары өте аз немесе мүлдем жоқ.

Жалпы Қуыршақ театры фестивалін өткізуде театр тойына қатыстырылатын спектакльдерді сараптау, саралау, таңдап алу жұмыстарын мүлтіксіз атқару, кәсіби театртанушы мамандардың жіті қадағалауымен өткізу керектігін баса айтамыз. Елімізде өткен Қуыршақ театр фестивальдеріне шет елдерден мазмұны терең, инновациялық ізденістермен жасалған қуыршақтардың қатысуымен терең білімді режиссерлердің қойған спектакльдерін талай рет тамашалағанбыз. Сол секілді өресі тар, шығармалық деңгейі мен көркемдігі төмен спектакльдердің қатысуына жол бермесек еліміздегі Қуыршақ театры фестивальдерінің деңгейі өсіп сахна өнері әлемінде өзіндік орнын қалыптастыратыны сөзсіз. Олай болмаған жағдайда саны бар сапасы жоқ қуыршақ театрларының фестивальдерін өткізу еліміздің қазынасын текке шашумен бірдей. Мәселен, он алтыншы рет өткізілген Татарстан республикасының «Наурыз» Халықаралық Түркі тілдес халықтардың театр фестивалін таңдай қаға ауызға алатынымыз сондықтан. Фестивальдің кәсіби шығармашылық деңгейінің жыл санап артып отырғаны шақырылатын спектакльдерге сыни көзқарастар мен жауапкершілік артуында болып отыр. Бұған қосымша 2022 жылдың 6-12 маусым аралығында «Наурыз» VII Халықаралық театралды-білім беретін форум-фестивалі жетінші рет өткізілді. Форум-фестивальдің театр фестивалінен ерекшелігі бар. Форум-фестивальге қатысушыларға ТМД және Ресейге танымал айтулы профессорлардың бір апта бойы «Театр менеджменті және маркетингі», «Театр сыны», «Актерлік шеберлік», «Драматургия», «Режиссура», «Қуыршақ театры» т.б. түрлі тақырыптағы шеберлік сыныптары, семинарлар мен лекциялардың өтетінінде. Қатысушыларға түзілген іс-шаралардың тығыздығы сондай артық-ауыз уақыт таппайсыз, бар ынта-жігеріңізді білім алуға жұмсайсыз. Сонымен қоса үздік спектакльдер шақырылып кәсіби мамандармен қызу талдаулар өткізіледі. Әрине, сол форум-фестивальде спектакльдің немесе әр түрлі елден келген туысқан түркі тілдес режиссерлер, драматургтер, актерлермен жолығып, тілдесуге мүмкіндік бар. Форум-фестивальдің қорытындысы бойынша әр қатысушы өзінің осындай білім жетілдіру курсынан өткенін дәлелдейтін диплом алатыны қатысушы өнер майталмандарын қанаттандыратыны сөзсіз. Мұндай үрдіс біздің елімізде де қолға алына бастағаны қуантады. Мұның бәрі елімізде өтіп жататын қуыршақ театрлары фестивалдерінің көркемдік деңгейі жоғарыласа деген ниеттен шығып отырған пікірлер.

5. Қорытынды

Бүгінгі күнгі заманауи қазақ қуыршақ театрының үрдісінде драмалық театр мен қуыршақ театрының шығармашылық үйлесуінен түзілген спектакльдер жаңалыққа баланды. Қуыршақ жасаушы шеберлердің ізденістерінің артуымен түрлі қуыршақтар жасалып, көрерменнің алдында өнер көрсетіп жүр. Өзге ұлт және шет елдік режиссерлер қазақтың ұлттық кейіпкерлеріне қызығушылықтары оянып спектакльдер қоюға ынтық. «Балаларға арналған драмалық туындылардың қазіргі таңдағы қалыптасуына негіз болған, рухани уызы ауыз әдебиетіндегі балалар айтысы, ертегілер, ойындық фольклоры, мақал-мәтелдері, шешендік сөздердегі диалогтар мен монологтар екені белгілі. Қазақ балалар драматургиясының үздік деген туындылары да халықтық үлгідегі шығармалар негізінде туған» (Ахтанова. 2011: 49) – деген пікір сөзімізді дәйектей түседі. Жас режиссер А.Зайцев ұлы ақын, ойшыл Абайдың өмірі мен шығармашылығына құрылған спектакльде өзінің трактовкасымен тың көзқарастарын білдіріп өткір сын айтты. Талантты режиссер Н.Насырова ұлттық тақырып пен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын жасөспірім көрермендерге арнап қойды. Ресейлік талантты режиссер Д.Бурман «Айко мен Қарақшы» (Авт. Л.Лопейска, Г.Крчулова) қойылымын ұлттық нақыштармен шешіп бұл спектакльдер әлемдік қуыршақ театрлары фестивалдерінде бәйгеге түсіп орындарды иемденгені қазақ қуыршақ өнеріндегі жетістіктер дейміз.

Театрлық фестивальдердің ерекшелігі де сол әлемдегі озық ойлы режиссерлік шешімдерге құрылған Қуыршақ театрларының спектакльдерін еліміздің сахнасына шығару арқылы шығармалық байланыс орнату, тәжірибелер алмасу. Алайда елімізде үнемі өтіп жататын қуыршақ театрларының фестивалдері аталған үдеден шығып жүр ме жоқ баяғы өгіз аяңды сүрлеудің деңгейіндеме оны аталған зерттеуімізде талдадық. Аталған фестивальге сонау Корей елінен ат терлетіп келген театрдың қойылымы қазақ көрермендерінің таным-түсінігі мен менталитетіне мүлдем сай келмейтінін, мұндай қойылымдардың фестивальге қатысуға тыйым болуы керектігін театр мамандары мен көрермен жайдан-жай айтпағанына ой көзімен қарауымыз қажет. Ал, Өзбекстан мен Қырғызстаннан келген қуыршақ театрлары спектакльдерінде ескілік сарындар басым болып жаңаша ізденістердің болмағанын аңғардық. Халықаралық театр фестивалінде өнер көрсететін театр ұжымдарын жіті қарап сараптамадан өткізу жолында театртанушы ғалымдардың іс-шараға тартылмауынан деп білеміз.

Елімізде өтетін осындай театрлық додаларды аты әлемге мәшһүр театр фестивалдерінің қатарынан көрсету өз қолымызда тұрғанын, әсіресе театр бәйгесіне қатысатын ұжымдарды қатаң да кәсіби сараптамадан өткізуіміз шығармалық деңгейді көтерудің басты шарты ретінде атап көрсеттік. Ойды ой қозғайтынын ескеріп әлемнің түкпір-түкпіріндегі қуыршақ театрларында еңбек етіп жүрген талантты режиссерлердің инновациялық шешімдерге құрылған қойылымдарын тауып, тамашалап, пікірлер алмасып, тәжірибелік сабақтарын алуға мол мүмкіндік тудыру арқылы елімізде өтетін фестивалдердің шығармалық деңгейін жоғарылатып танымалдығын арттыратынымыз сөзсіз екенін жоғарыда салыстырмалы түрде талдап өттік.

Әдебиеттер:

1. Ақтанова А. Балалар әдебиеті: Қазақ балалар драматургиясы мәселелері. – Астана: Фолиант, 2011. – 200 б. (каз.)
2. Аханбайқызы А. «Абай» – қуыршақ бейнесінде. <https://egemen.kz/article/215908-abay--quyrshaq-beynesinde> 17.12.2019.
3. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. – Алматы: «Жібек жолы», 2007. – 448 б.
4. Boldykov Z., Zhak[ykykova M., Khalykov K., Sabirova A. Transformation of ritual and folklore traditions in acting art. *Opción*, Año 35, Especial No.21 (2019): P. 513-530 <http://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/24713>.
5. Дәуіт. А Театр драматургтің жазу үстелінен басталады // Қазақ әдебиеті 12.06.2023.
6. Ешмұратова: Қ. Қуыршақ пен бала біртұтас ұғым (Сұқбатты жүргізген Г.Жомартова) https://kaz.inform.kz/news/kuyrshak-pen-bala-birtutas-ugym-astana-kuyrshak-teatrynyn-korkemdik-zhetekshisi-keshmuratova-foto_a2791662/ 29.06. 2015.
7. Кабдиева С. Мифопоэтическая картина мира Чингиза Айтматова в контексте современных сценических интерпретаций // *Сарын* №1, 2024. С.83-100. DOI 10.59850/SARYN.1.12.2024.166
8. Қазақстанның заманауи театр үдерісіндегі фестивальдің халықаралық байланыс ретіндегі ролі. – Ұжымдық монография. – Алматы: «Print-Express», 2017. – 402 б.
9. Нұрғалиев Р. Арқай. – Алматы: Жазушы, 1991. – 517 б.
10. Образцов С.В. Актер с куклой/ Худож. А.Гончаров. – Москва; Ленинград: Искусство. – 1938. – 172 с.
11. Саломоник И.Н. Традиционный театр кукол Востока. Основные виды театра объемных форм/ Отв.ред. В.И.Брагинский. – Наука (ГРВЛ). – 1992. – С.312.
12. Смайлова Ш. Қазіргі қазақ қуыршақ театрларының дамуындағы фестивальдердің маңызы. Вестник КазНУ. Серия филологическая. № 3. 2014. Bulletin KazNU. Filology series. № 3. 2014. – 228-232 бб.
13. Шарль Манье. История марионеток в европе с древнейших времен до наших дней. – М.:Клуб.– 2016. – С.366.

References:

1. Aktanova A. (2011) Children's literature: problems of Kazakh children's drama. – Astana: Foliant. – 200 p. (in Kaz)
2. Akhanbay A. «Abay» is in the form of a doll. <https://egemen.kz/article/215908-abay--quyrshaq-beynesinde> 17.12.2019. (in Kaz)
3. Auezov M. (2007) Fifty-volume complete collection of his works. v. 27. – Almaty: «Zhibek zholy». – 448 p. (in Kaz)
4. Boldykov Z., Zhak[ykykova M., Khalykov K., Sabirova A. (2019) Transformation of ritual and folklore traditions in acting art. *Opción*, Año 35, Especial No.21: P. 513-530 <http://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/24713>. (In Eng).
5. Dayit. A Theater begins with the playwright's desk Kazakh adebieti 12.06.2023. (in Kaz)
6. Eshmuratova K.: A doll and a child are a single concept (interview conducted by G. Zomartova) https://kaz.inform.kz/news/kuyrshak-pen-bala-birtutas-ugym-astana-kuyrshak-teatrynyn-korkemdik-zhetekshisi-keshmuratova-foto_a2791662/ 29.06. 2015. (in Kaz)
7. Kabdieva S. (2024) Mythopoetic picture of the world of Chingiz Aitmatov in the context of modern stage interpretations. *Saryn* No. 1. pp.83-100. DOI 10.59850/SARYN.1.12.2024.166 (in Russ)
8. The role of the festival as an international connection in the modern theater process of Kazakhstan. - Collective monograph. - Almaty: «Print-Express», 2017. – 402 p. (in Kaz)
9. Nurgaliev R. (1991) Arkay. - Almaty: Zhazushy. – 517 p. (in Kaz)
10. Obrastsov S.V. (1938) Actor with a doll / Artist. A. Goncharov. – Moscow; Leningrad: Art. – 172 p. (in Russ)
11. Salomonic I.N. (1992) Traditional puppet theater of the East. Main types of three-dimensional theater / Responsible editor. V.I. Braginsky. – Nauka (GRVL). – 312 p. (in Russ)
12. Smailova Sh. (2014) The importance of festivals in the development of modern Kazakh puppet theaters. Bulletin KazNU. Filology series. № 3. – pp. 228-232. (in Kaz)
13. Charles Magnier (2016) History of puppets in Europe from ancient times to the present day. – М.:Club. – 366 p. (in Russ)